

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

Ғалым-этнограф Б.К. Қалшабаеваның 60 жасқа толуына арналған
«ҰЛЫ ДАЛА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН
ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕСІ» атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

4 маусым 2020 жыл



The conference is dedicated to the 60th anniversary
of the scientist-ethnologist Kalshabayeva B.K.
PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«ISSUES OF ETHNOARCHAEOLOGICAL RESEARCH AND
INTERETHNIC RELATIONS OF THE GREAT STEPPE»

4 june, 2020

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«ВОПРОСЫ ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ И
МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»
появляющейся 60-летию ученого-этнографа,
доктора исторических наук, профессора Калшабаевой Б.К.
4 июня 2020 г.

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

Редакция алқасының төрағасы

Ғ.М. Мұтанов – техника ғылымдарының докторы, академик,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

М.С. Ноғайбаева – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., қауым. профессор;

Ә.Т. Төлеубаев – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, т.ғ.д.;

Нұрсан Әлімбай – ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің директоры, т.ғ.д., профессор

Р.С. Жуматаев – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі;

Т.Е. Қартаева – т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

Жауапты редактор

Р.С. Жуматаев – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі

Құрастырушылар:

Қартаева Т.Е., Бейсегулова А.К., Мажикқызы Нұрлыхан

Ғалым-этнограф Б.К. Қалшабаеваның 60 жасқа толуына арналған «Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 562 б.

ISBN 978-601-04-5128-5

«Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына әлемдік деңгейдегі этнологиялық және этноархеологиялық зерттеулердегі теориялық методологиялық тұжырымдар, әдістері мен жаңа технологиялар, Қазақстандағы этносаралық қатынастар мәселелері, республика халықтарының бірегейлігі мен толеранттылығы, Қазақстан халықтарының этномәдени мұраларының сақталуы мен жаңғыруы, Сакральды Қазақстан аясындағы зерттеулердің тәрбиелік маңызы және музейтану саласының дамуы, насихатталуы мәселелері жөнінде ғылыми концепциялар мен тұжырымдар ұсынылады. Материалдар жинағы этнологтарға, археологтарға, музей мамандарына, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

Досымбек Қатран,
Нұр-Мұбәрак ислам мәдениеті университетінің доценті, т.ғ.к.
Көпешов Қ.,
Нұр-Мұбәрак ислам мәдениеті университетінің докторанты

ҚҰДЫҚ – ҚҰТ: ҚҰДЫҚ ҰҒЫМЫ МЕН АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ БАЯН

Адам баласын, төрт түлік малды ауыз сумен қамтамасыз етуге, егістікті суаруға арнап жер қойнауынан, яғни жер астында болатын суға дейін тереңдеп қазып су шығарған құрылысты құдық деп атаған. Жер асты суының жер қыртысына жақын немесе тереңде орналасуына байланысты құдық әртүрлі тереңдікте қазылады. Ені шамамен жазып тұрғандағы екі шынтақ тірелетіндей көлемде кең болады. Құдықтың қабырғасы кейін тас немесе ағашпен шегенделеді. Суға тапшы шөл және шөлейт өлкелерде, қыстауда, көш жолдары бойында құдықтар қазылады. Құдық қазақ арасында қол еңбегімен қазылатын ежелгі гидротехникалық құрылыстардың бірі болып табылады.

Құдық – шөл даланың негізгі белгілерінің бірі. Жол бойында құдық сирек қазылады. Ондай құдықтар таза болмайды деп есептелгендіктен, құдық жолдан қашықта, ауаша жерден қазылады. Қазақтар құдықты ерекше қастерлеп, таза ұстауға тырысқан. Сонымен бірге, кез келген су нысанының мал суаруға ыңғайлы жерін *суат* деп атай береді. Ол кәдімгі құдықтан бастап, ірі көлдердің мал су ішуге жарамды жағаларына дейін бола алады. Сондықтан, құдық басын таза ұстау тәрізді халықтық наным-сенім негізінде орныққан ережелер суат басына да тікелей қатысты бола алады.

Қазақ ертегілері мен жырларында бір бөлігі – алтын, екінші бөлігі – күміс болатын жанды-жансыз нәрселер бейнесі жиі кездеседі. Мифологиялық танымдағы түсініктерге байланысты осындай нәрселер мен құбылыстардың қатарында құдық суы да бөлінеді. Мысалы, “Күн астындағы Күнікей қыз” ертегісінде бір құдықта – алтын су, екіншісінде – күміс су бар делінеді [1, б].

Белгілі мифология зерттеушісі Серікбол Қондыбай құдық хақындағы баяндауларында құдыққа өмір-тіршіліктің көзі, бастауы деген ежелгі түсінік тұрғысынан келеді. Яғни, адам баласы мекен ететін жер бетіндегі үш әлем кеңістігі тұрғысында төменгі әлем саналатын кеңістікпен байланыстырады: «Ертегілік фольклорда кездесетін құдықтарды нақты сипатына қарай бірнеше түрге бөлуге болады:

Біріншісі – әртүрлі ертегілерде «құдық», «тесік», «қуыс», «шұңқыр», «жердің жарығы» деп түрленіп айтыла беретін «жер тесігі». Бұл – нақты, дербес сипаттамасы жоқ, тек екі дүниенің арасын жалғастырушы өтпек жол, дәліз қызметін атқаратын нысан ғана. Ертегілердің басым көпшілігінде, әдетте, бір қаһарман осы құдық арқылы, беліне арқан байлап алып, басқа дүниеге түседі, сол жақтағы қызды (үш қызды) әлдебір зұлым күштен (ергежейліден, мыстан кемпірден, айдаһардан, т. б.) құтқарып, оларды жер бетіне шығарғанда, ағалары не жолдастары арқанды қиып, қаһарманды жер астында қалдырып кетеді [187].

Екіншісі – құдықты дербес сипатты нысан, мәселен, зындан, қапас ретінде түсіну, мұндай мысалдар да жеткілікті. Мәселен, жаңа туған балаларды құдыққа тастау, батырдың орға түсіп кетуі, зұлымдық иесін құдыққа салып, аузын таспен бастырып тастау, т. б.

Үшіншісі – құдықтың әлдебір киелі байлықтың көзі болып есептелуі. Мәселен, ішінде балы бар құдық туралы сюжет көптеп кездеседі. Біреуінде балы бар құдықтың түбінде айдаһарлардың патшасы, сары бас жылан кейпіндегі Шаямардан патша болса, екінші құдықтың ішіне бір қызыл, бір көк арқан түсіп тұрады. Бір ханның су сарқылмайтын құдығы болыпты. Жыл сайын осы құдықтың ішіне бір ту биені тастап отырады екен. Хан баласы құдық ішіне түседі. Құдықтың түбінде бір тас бар екен, оны аударып қараса, ар жағы жап-жарық, кең дүние екен». [2,1- 224]

Қазақ жеріндегі құдық атаулары:

- адам атымен,
- ру-тайпа атымен,
- наным-сенімге қатысты қойылған (*қарақұдық, жандықұдық*);
- суының ащы-тұщылығына, шипалығына байланысты (*ащықұдық, тұщықұдық, арасанқұдық*),
- құдықтың орналасқан жерінің белгісі мен ерекшелігіне, басында тұрған қандай бір объект, өсіп тұрған шөп, ағаш, бұта атауларына сай (*сындықұдық, талқұдық, ағаштықұдық*);
- құдықтың терең немесе тайыздығына (*шыңырау*);
- қазылу техникасына сай (*орпа, аран, шеген, қышқұдық*);
- елді мекеннен алыс-жақындығына байланысты (*отарқұдық*);
- құдық суының ағысына қатысты (*арыққұдық, ереуілқұдық*);
- үй жануарлары атынан жасалған түбір зоотопонимдерге (*үлекқұдық*) байланысты қойылуы тәрізді ерекшеліктеріне байланысты басқадай әртүрлі аталады.

Төменде еліміздің негізінен Сыр бойы мен Батыс өңірлеріндегі құдықтардың атаулары беріледі. Аса мол болып келетін құдық атауларының ішінен таңдалғандары – атауларының көнелігіне және басқадай ерекшелігіне байланысты.

Бесорпа – Сырым ауданындағы елді мекен. Орпа деп құмды шөлейтті жерде қазылған тайыз құдықты атайды, **Жаманорпа** – мұндағы *орпа* «шегенделмеген, аузы кең, таяз құдық. **Тұщыорпа** (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.). **Берқарын** (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.), **Ағашқұдық** (Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.), **Аймаңдайқұдық** – Қызылорда обл., Арал ауд., **Айнақұдық** (Атырау обл., Индер ауд.) – «айнадай жарқыраған ақ, «бейнені шағыстырып көрсете алатын, Айнадай жалтырап, бейнені дәл көрсету табиғи нысандарға таңылып, жер-су атын жасайды . [3, 1-5 бб].

Аран алғашында аңдарды қуып әкеліп түсіретін ор, тоспа, қоршау ретінде салынған. **Аранқорған** (Қызылорда обл., Қазалы ауд.) **Аранқорған** – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Аңдарды қамап ұстайтын жер» мәніндегі атау. [4, 45-б]

Сондай-ақ, ор, аран атаулары тәрізді шұңқыр, ін дегенді білдіретін атаулардың бірі – апан. **Апан** – тұзды көл. (Павл. обл., Ертіс ауд.). **Апанқұдық** (Қарағанды обл., Шет ауд.) [5, 71.].

Түйе түлігінің атымен аталған Үлекқұдық (Маңғ. обл., Түпқараған ауд.).

Арасанбұға (құдық. Маңғыстау обл., Маңғыстау ауд.), **Арынқұдық** (құдық. БҚО, Ақжайық ауд.) – суы арындап мол шығатын құдық мәнінде.

Әулие құдық (құдық. Қызылорда обл., Қазалы ауд.). Суы шипалы, қасиеті бар болуына байланысты қойылса керек.

Бақшақұдық (қыстау. БҚО, Ақжайық ауд.). Құдық басында ағаш, тал, бұта өсуіне сай аталған деседі.

Қисыққұдық (Алматы обл., Балқаш ауд.) **Қисық** сын есімімен әрі мәндес, әрі түбірлес *қияс* сын есімі арқылы да топоним жасалатынын дәлелдейтін үлгі бар болып шықты (*қияс* «қиғаш, түзу емес» мәнінде қолданылатын сөз). **Қиясқұдық** (Қызылорда обл., Арал ауд.) [5, 208].

Сонымен бірге құдық атаулары да тарихи оқиғаларға байланысты жыр-аңыздарға өзек болғаны мәлім. Топонимдік аңыз – белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын баяндайтын әңгімелерден құралады.

«Бабалар сөзі» сериясының кезекті сексенінші томы қазақ фольклорының ерекше бір жанры – аңызға арналады, соның ішінде қазақтың халық прозасына жататын топонимдік аңыздар жинақталған [6]. Төменде осы еңбекте жарияланған еліміздің әр өңірлерінен жиналған құдықтарға қатысты аңыздардан бірнешеуін беріп отырмыз.

Жеті құдық. Баяғыда Жеке батыр тауыларының ортасында Ортау ауылында жеті ағайынды емші өмір сүрген екен. Олардың емдемеген емі, жазбаған ауруы қалмаған. Күндердің күнінде ауылға үлкен дерт келіп, ауыл жаппай ауруға ұшырайды. Осыдан бастап жеті ағайындарға келген жандардың қарасы көбейе түсті Барлық халықты емдей алмайтынын түсінген олар енді бар халықты бір сәтте емдеуге болатындай емдік шөп іздеп тауға кетеді. Бірақ сол түні олар оралмайды. Ауыл адамдары сол тауға қарай іздеу салады. Алайда ол жерден қатарынан тұрған жеті құдықтан басқа ешкімді таппайды. Содан

бері кім де кім сол жеті құдықтың жетеуіне де түссе бір жыл бойы ауырмайды екен. Міне, осыдан бастап Жеті құдық ел ауызына аңыз болып ене бастады [6, 91-б].

Қандықұдық. Бұрынғы кездерде әйелдер балаларын сондарына ертіп, құдыққа су алуға барады екен. Сол кезде құдыққа баланың көлеңкесі түсіп тұрған деседі. Ал өзінің көлеңкесін қызық көрген бала ұстамақшы болғанда, құдық баланы тартып алатын болған. Бұл құдықтың таң қалдыратындығы сол, ол тек қана бала атаулыны ғана тартып алған. Сондықтан да, бұл бала атаулыға қауіп, яғни өлім әкелетін болғандықтан, халық бұл құдықты «Қандықұдық» деп атап кеткен. Содан кейін бұл құдықтан ешкім су алмайтын болған. Бірақ, ақсақалдардың айтуынша, бұл құдық әлі де бар деседі.

Қара құдық. Бұл құдықтың үстінде үлкен тас жатқан. Қазақ ауылы осында мекендегенде бірде мүлдем су болмай қалған. Содан халық та, мал да сусыз өмірге төзе алмай, жан-жаққа көше бастаған. Көбісі қырылып қалған. Тек осы жерде жасы 80-нен асқан қария үш ұлы және келіндерімен қалған. Қария маңайда кішігірім шалшық су болса да деп, маңайды аралап жүрген. Содан ауылдан алыстап кеткен қария жаңағы қарақұдық үстіндегі таста демалып отырған. Бір сәтте аяғына сұп-суық заттың білінгенін сезіп төмен қараса, аяқ астында бақа жүр екен. Шал бақа болған жерде су да болады деген оймен тастың маңайын қарайлай бастайды. Содан тасты орнынан қозғалта алмасын біліп, үйіне қайтады. Үйіне келсе, келіндері үйдегі ақырғы бір тостаған сумен қарияға шай қайнатып тосып отыр екен. Содан қария ұлдарын ертіп, жаңағы қара құдық қасына келеді. Үш ұлы тасты бар күштеріне салып итереді. Қария да оларға көмектеспек болып таяп келгенде, үлкен кеспе тас қарияның үстіне ауып кетеді. Балалары тасты қайта орнына итермек болады, бірақ ештеңе шықпайды. Ал тастың астында бұлақтың көзі бар екен. Міне, сөйтіп қария өз өлімімен үш ұлы және қалған ауылын сақтап қалған екен. Осы қара құдықтың басындағы тас қарияның бейіті болып қалған. Осыдан шөлдеп сапардан келе жатқандар осы қарақұдық басынан шөлін басып, ақтық байлап, Құран оқып өтеді екен [6, 127-б].

Қарақұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. Т.Жанұзақтың айтуынша, атау «мөлдір қара су» мәнінде қойылған. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі қарақұдық аталатын объектінің бәріне тән ортақ қасиет, сол арада «мөлдір қара судың» бар екендігімен байланысты қойылған [4, 28-б].

Қара детерминативті суға байланысты атауларда «терен», «мол» ұғымын, ал жерге байланысты атауларда «биік» ұғымын береді. Сондай-ақ, **Көздіқара** деген құдық атауы – «суы» мол деген түсінік береді [3, 2].

Қараш қазған. Ұбақ-шұбақ көш келеді. Түйеге де, жылқыға да, өгізге де жүк артылған. Жүк үстінде жас балалар мен кемпірлер. Боздаған бозінген мен жас сәбилердің үні араласып естіліп, тұла бойыңды шымырлатады. Адамдардың жүзі жабырқау. Жалпақ даланың шегі сияқты.

«Көрер көзге қаншама кең болсаң да, пейілі тар байлар сені бізге қимады-ау, сидырмады-ау», – деген жолаушылардың бәріндегі мұң, өкініш сияқты.

Осылайша бірнеше күн бойы ілбеген көш әлі келеді. Көлік үстіндегі адамдар да қалжыраған. Жасы да, кәрісі де ауыздарын шүберекпен таңып алыпты. “Әже, шөлдедім!”, “Апа, су!” – деп ұсақ балалар шу-шу етеді. Шолғыншылар көш басшысына: “Алда құдық жоқ, түстік жерге дейін қарадық,” – дейді.

Су шығадау деген жерден құдық қазу керек. Шөлдеген жұрт бір-бірінен ауыз жібітерлік қасық су сұрап жүр. Сабыр сақтаған әйелдер азаматтарға қараса, сары уайымға салынғандары сарнап, безектеуде. «Әйел ерге қарайды, ер жерге қарайды» дейтін мақал осындайда еске түседі.

Көш тоқтады. Су шығады деп жерден үміттеніп, қазып-қазып түк шығара алмай ер адамдар кінәлі жандай төмен қарады.

Сол кезде жасынан ер балаша киініп, асық атып, ат құлағында ойнап өскен көш басшысының жалғыз қызы Қараш өздері тұрған белдің етегіне түсіп, нән кетпенді құлаштай бір көтеріп, жүзін жерге сіңіре ұрып жіберді. Он шақты жігіт іштен шыққан сары топырақты сыртқа тасып тұрды. Бір кезде “Су шықты” деген сөз ауыздан-ауызға таралып, даланы жаңғыртады. Шөлдеген әйел-бала құдыққа қарай жүгірісті... Сол заманнан бастап сол жер “Қараш қазған” деп аталады.

Қыземшек. Ертеде бір жолаушы жолаушылап келе жатып, бір таудың тұсындағы құдық басына келіп демалады. Құдықтан су ішіп демалып алып, жан-жағына көз салады. Қасында жаңағы тауға ұқсас екінші тауды көреді. Екі таудың бір-біріне ұқсастығын қыз баланың қос анарына теңейді. Өлгі жолаушы демалып тыныққаннан кейін жолай көрші ауылға соғады. Ауылға кіре берісте бір қарт кісі жолаушыдан жөн сұрайды:

– Ей, жолаушы, қайдан келесің? Сонда жолаушы өзінің қайдан шығып, қайда барғанын, қайда демалғанын, қандай тау кездестіргенін, оны неге теңегенін әңгімелеп береді.

Міне, содан ел арасында осы екі таудың жаратылысының ұқсастығына байланысты қыз баланың анарына теңеп, «Қыз емшек» деп атап кеткен екен дейді.

Қырыққұдық – Ақжайық, бұрынғы Тайпақ ауданындағы елді мекен. Топоним құрамындағы қырық сөзі «көп» деген түсінікті береді. Жері ащы болғандықтан, ауыл тұрғындары ауыз су ішетін құдықты ауыл сыртындағы қар суы жиналатын ойпаңнан қазады. Әдетте, ол құдықтардағы су мал суаруға жетпейді. Сондықтан бір-бірінен алшақтатпай (тұщы су көзінен айырылып қалмас үшін), жиырма-отыз құдық қатар қазылады. Қырқадан қараған кезде, ең алдымен, шыпырлаған көп құдық көзге түседі. Осы белгісіне сай елді мекен Қырыққұдық атауына ие болса керек [3, 6-7].

Қырыққұдық. Төрт би төренің тұсында алман-салыққа шыдамаған бір бөлім ел Алтайдан Боғдаға көшіпті. Бәйтiктен өтiп қалың қамысты сортаң жерге келген ел судан қатты қысылыпты. Сол кезде бiр ақсақал ауыл басы бiрден құдық қазуды айтыпты. Сондағы қырық ауыл қазған қырық құдықтың бәрінен су шығып мал мен адам суға жырғапты. Кейiн бұл жер «Қырыққұдық» атаныпты.

Қырыққұдық, ала айғыр. Қарабайдың жылқысы жоңғарды кесiп өтер кезде Айғайқұмда бiразы қырылғаннан кейiн жалғасты қақ даладан өту мүмкiн болмайды. Осы кезде Қарабай Қодарға: «Егер сен осы қақ даладан жылқымды шөлден қырмай аман өткiзсең, қызым Баянды саған беремiн», – деп уәде бергеннен кейiн Қодар қуанышы қойнына симай күнi-түнi өлiп-талып қимылдап қырық жерден құдық қазады. Қарабайдың жылқысы осы қырық құдықтан су iшiп шөл даладан аман өтедi, кейiн Қодар қырық құдық қазған осы жер «Қырыққұдық» аталып кетедi.

Қарабайдың уәдесiн алғанымен Қозы Көрпештiң күймеде Баян сұлумен көңiл қосып ойнап-күлiп жүргеннен хабар тапқан Қодар Қозыға өзiнiң шақ келе алмайтынын бiлiп, оны араққа уалытп, өле мас болғанда оны жекпе-жекке шақырып, өлтiрмек болады. Сөйтiп ол Баянға өзiнiң ерлiгiн көрсетiп, оны өзiне қаратуды ойлайды. Осы жоспарының ретiн әдейi келтiрген Қодар Қозыны айрықша сыйлайды да, араққа тартынбай бас қойған Қозыға бiр кезде: «Сен нағыз жiгiт болсаң, мен қазған қырық құдықтан қырық аяқ су iш» деп өзi дайындап қойған қырық қатынның қолымен Қозыға қырық аяқ арақ бергiзедi. Арақты Қозы iшкен болып Баян сұлу iшiнен байлап берген жiңiшке шанаққа қоя бередi. Аздан соң ол мас болған бейнеге енiп, сенделектеп шығады да, өзiне сайланған қатерлi бөгеттен аман құтылып алыстап кетедi. Мұның қашқанын бiлген Қодар оның артынан алты құлаш ала айғырмен қуалайды. Қозы Қодардың өзiне жау болып келе жатқанын бiлсе де, оның өзiне тиiспей, мiнiп келе жатқан айғырын атып қалғанда, оғы айғырдың аузынан кiрiп, артынан бiр-ақ шығады, ала айғыр сол арада қалады. Мiне осы ара кейiн «Ала айғыр» аталып кетедi.

Сары-апаң. Сары балуан елсiз шөлде кетпенiмен суын мөлдiретiп, құдықты ойып алады екен. Бiр күнi сол сияқты түскi аялдамада құдық қазған Сары төрт кезге жеткенше су шығара алмай қиналады. Ақырында екi сағатқа жетпей, алты-жетi кез шыңырау қазып, су шығарып алыпты. Құдық қазғанда су шыға қоймаса Сары айтқандай «су азар болса анау қырдың астында шығар» деген мәтел бiздiң елде осы күнге дейiн сақталған.

Сары балуанның үрiм-бұтағы осы күнге дейiн топ басы балуан. Жиын-тойда Сарыдан шыққан балуан бәйгiнi «тәубесiз» алады. Сары тұқымы бiр ауылнай ел болып жүрдi, осы күнi екi колхозға бөлiнген. Сарыдан туған қыздың аты Сары-апа екен. Бiр жылы көп малға су жетпей, құдық суы тапшы болған соң Ескелдi мен Жақсы Бөкембайдың аралығындағы бiр ат жон төбенiң Баянаула жақ iргесiнен Сары-апа шашын түйiп тастап, жалғыз өзi құдық қазған екен. Екi метрге жетпейтiн жерден тасқындаған өзендей мол, мыңға iркiлмейтiн су шыққан. Бұл құдық осы күнге дейiн сол қалпында, өйткенi тура көк тасты ойып алған, ернеуi балғамен ұрып тұрса да мұжылмайды. Жалғыз осы құдық Едiгенiң, Шоң-Торайғырдың неше мындаған малына бiр елi орта түсiп, кемiп көрмептi. Осы күнi ол құдық Сары-апаң аталады, дұрысы «Сары-апаң».

Бiссық көл туралы аңыз. Баяғыда осы күнгi Бiссық-Көлдiң орнында жан-жағы таумен қоршалған үлкен қала болыпты. Бұл қаланың тұрғындары суды кiлттеулi тұратын құдықтан iшедi екен. Кiлт дуананың қолында болады екен.

Бiр күнi бiр қыз өзiнiң сүйгенiмен құдық жанында кездесуге уәде етiп, кiлттi сұрап алып құдыққа келгенде, абайсызда кiлттi құдыққа түсiрiп алып, өзi қорқып қашып кетедi. Құдықтан суы асып төгiлiп, бүкiл қаланы су басып, үлкен көл болады. Қала көлдiң астында қалыпты дейдi. Осы кезге дейiн сол қала бар екен деген аңыз бар [6, 218].

Қазанкеткен – Қаратөбе ауданындағы гидроним. Қазанкеткен – Қалдығайты өлеңiнiң бiр бөлiгi, суы терең жер. «Қазан» сөзiнiң суға қатысты қазақтардың ұлттық танымына байланысты қалыптасқан. Ел iшiнде суға кеткен адамның денесiн таба алмаған жағдайда, өзен-суына қазан жiберу әдет-ғұрпы бар. Қазан судағы мәйт жатқан жерге барып тоқтайды деп есептейдi. Ұлттық танымға негiзделген бұл жорамалдың артында үлкен шындық жатыр. Әлбетте, адамдардың суға кетуiне иiрiм себепшi болады. Малтушы адам иiрiмдегi судың екпiнiне төтеп бере алмайды. Қазан да иiрiмге барып, бiр орнында тұрып алады [4, 2].

Құдық түрлері. Жоғарыда аталғандай, ел арасында құдықтың түрлері мен құдық суын шығаруға, құдықтан шыққан суды тарататын құрал -жабдықтарға байланысты сақталған атаулар көп. Осы жөнінде «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» деп аталатын энциклопедиялық еңбектің 3-томында (2012 ж) былайша баяндалады: *Халық тілінде кейде құдық атауының орнына күй, құйы сөздері де қолданылады. Таяз, шеті бекітілмеген, айналасы қоршалмаған құдықты беке дейді. Ақпа құдық деп суы мол құдықты айтады. Суы мол құдықты кей жерлерде ақшелек құдық деп атайды. Ақшелек құдықтан 500 қой суды еркін іше алады. Құдық суының молдығына байланысты қолданылатын сөздің бірі – асна. Қарақалпақстандағы қазақтар асна деп біріншіден, құдық суының молдығын, екіншіден, суын шығыр арқылы тартып шығаратын терең, шыңырау құдықты айтады.*

Құрдым құдық – адай руының құдықшылары қазған, өте терең, шыңырау құдық. «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» құрдым деген сөздің үш түрлі мағынасы көрсетіледі: 1) кішкене, нашар; 2) аз су, мардымсыз су; 3) өзен-көлдің ең терең жері. Соған қарағанда, құрдым құдық деп халық тілінде терең құдықты ғана емес, кей жер де суы аз құдықты да атайтын тәрізді.

Үспе – көзі бітеліп қалған құдық. Ертеде қазылып, орны жер болып кеткен құдықты да осылай атайды. Үспенің үстінен тас тастағанда, асты дүңкілдеп тұрады. **Орна** – тайыз құдық. Бұл сөз Үшорна, Қоңырорна, Жаңаорна тәрізді Маңғыстаудағы жер аттарында сақталған.

Жер асты суларын пайдалануға арналған құдықтың бір түрін **шеген құдық** дейді. Ол – қабырғасын сексеуіл сияқты суға оңайлықпен шірімейтін ағашпен шарбақ тәрізді тығыз тоқып, бекіткен құдық. Шеген құдықтың тереңдігі топырақтың сулы қабатына байланысты. Кейде топырағы бос жерден қазылған құдық қабырғасына қамыс, қоға, қияқ, тал, тас, қалайды. **Тас құдық** – тайыз, шегенделмеген құдықтың жергілікті аты.

Халық тілінде екі түрлі ұғымда қолданылатын құдықтың атаулары да кездеседі. Мысалы: **Еспе** құдықтың бірінші мағынасы «суы тайыз», екіншісі «шегенделген құдық» дегенді білдіреді. Еспе атауы суға байланысты айтылғанда басқа мағынада да қолданылады. Атап айтқанда, көктемгі су тасқыны кезінде арнасын бұзып-шайып кететін, ал жаз айларында құрғап немесе жеке қарасуларға бөлініп қалатын далалық белдем өңіріндегі өзен түрі де еспе деп аталады.

Құрқұдық – суы тартылып, құрғап қалған құдық. Бұл атау осы мағынасында Қытай қазақтары тілінде де қолданылады. Қытайдағы қазақтар суы тартылуды, құрғаққа айналууды құрлану деп атайды. Ескірген, көне құдық – **обашиқ** құдық, аузы тар, кішкене құдық – **ойма** құдық деп аталады. Ойма құдық тез құлайды. **Опан** құдық – көлемі кең қазылған құдық. **Орна** құдық – Батыс Қазақстан өңірінде аузы кең, тайыз әрі шегенделмеген құдық. Қазғанда суы тайыздан шығатын жерді орпалық деп атайды.

Суы таяз, шөмішпен де су ала беруге болатын құдықтар да болады. Оны **шұқанақ** құдық дейді. **Қосқұдық** – бір-біріне жақын етіп қазылған, қатар тұрған екі құдық. Ондай құдықты қаздыру мал суаруға жұмсалатын еңбекті бірішама азайтады. Осындай қос құдықтардың бірі – **Мәліш құдығы** деп аталатын құдықтың Маңғыстауда осы күнге дейін сақталып, халық шаруашылығының игілігіне қызмет еткендігін кезінде белгілі этнограф-ғалым Х.Арғынбаев жазған болатын. Одан су алу үшін екі құдықтың да долық (су тартатын үлкен мес) байланған көн арқандарының ұштары бір ғана көліктің (түйе, жылқы, өгіз) беліне бекітіліп, көлікті екі құдық арасында ерсілі-қарсылы жүргізіп отырған. Нәтижесінде көлік беттеп келген құдықтың долығы құдық түбіне жетіп, суға батады да, екінші құдықтың суға толы долығы сыртқа тартылып шығады. Одан соң көлік кері айналады. Сөйтіп, көліктің ерсілі-қарсылы жүруінің нәтижесінде екі құдықтан алма-кезек су тартылады. Сол кезде әрбір құдық басында бір-бір адам долыдағы суды дереу астауға ақтарып, долыны қайтадан құдыққа тастап тұрады. Қос құдықтың басында еңбекті осылайша ұйымдастырудың тиімділігі сол: біріншіден, су тарту ісі жеке құдықтан су тартумен салыстырғанда екі есе жылдамрақ болады, екіншіден, екі құдық өз алдына жеке-жеке пайдаланылса, төрт кісі, екі көлік керек болар еді. Ал қос құдықты бірден пайдаланғанда бір көлік пен үш адамның ғана еңбегі жұмсалаған.

Сүтті құдық – суы мол құдық. Сүтті құдықтар әрқашан тау, адырлардың етегіндегі қайнар көздерден, шөлді, құрғақ жерлерде шилеуіт, құрақ өскен жерлерден қаздырылады. Өйткені шілі жердің суы жер бетіне жақын болады.

Саяз құдық – терең емес құдық. Оның суы көп те, аз да болуы мүмкін. Қазақстанның солтүстік өңіріндегі жазық ойпаттарда қазылатын құдықтардың тереңдігі 2-3 метрден аспайды. Мұндай саяз құдықтарды жыл сайын аршып, тазалайды. Қажет болған жағдайда құдықты жаңадан қазады. Суы мол әрі тұщы құдықтар мүмкіндігінше таспен шегенделіп, беті жабылмайды. Мұндай кең қазылған саяз құдықтар суының мол болуымен бірге қол қауғамен су тарту үшін де қолайлы болған.

Шыңырау құдық – тереңдігі 30-40 метрге дейін жететін, қатты, тасты жерден қазылған терең құдық. Жергілікті халық тілінде мұндай құдықты шыңырау, **шымырау** да деп атайды. Шыңырау құдықтар, Маңғыстау мен Бетпақдалада жиі кездеседі. Олардың суы таза, салқын болумен бірге көбінесе қышқылдау (тұздылау) болады. Шыңырауды бірнеше адам бірігіп қазады. Шыңыраудың қабырғасы міндетті түрде таспен қаланады немесе сексеуілмен шегенделеді. Құдықтың шыңырау құдықтан басқа **ордалы** құдық, **таңқы** құдық, **терең** құдық сияқты түрлері кездеседі. Мысалы: Ордалы құдық – көп құдық дегенді білдіреді. Таңқы құдық – суы саяз жерден шыққан құдық.

Қазақстанның жер-су және ертеден келе жатқан құдық аттарының құрамында құдық сөзімен бірге **есне, құй, орпа** сияқты «құдық» мағынасындағы сөздер мол сақталған. Мысалы: Сарқұдық, Шиліқұдық, Ащыорпа, Қызылесне, Ащыесне, Терекорпа және т.б. [7, 655]

Құдыққа байланысты әдет-салттар, ырымдар мен мақал-мәтелдер:

Адам баласы мекен еткен жері мен суының, қоршаған ортасына сай бейімделіп өмір сүретіндіктен, әрі су тіршілік нәрінің бастауы болған негізгі қорек көзі болғандықтан құдықты, суды ерекше қастерлеп, қадірлеген. Сондықтан, суға байланысты наным-сенімге тікелей байланысты көптеген әдет-салттар, ырымдар мен тыйымдар қалыптасқан.

Құдық суы таза су, жақсы су деп есептеледі. Сондықтан, құдықты, құдық маңын тазалап, күтіп ұстауды, оған нәрсе тастауға тыйым салады. Су ішкен құдығына түкірме деп келетін тыйым тек тура мағынасында емес, мекен етіп отырған жер-суынды қадірле, нұқсан келтірме дегенге саяды.

Халық сенімінде сусыз жерден құдық қазып, маңдай терін төгіп су шығарғандықтан оны қадірлеуге байланысты құдық сөзін «құт» ұғымымен де байланыстырады. Яғни, құт су, адамға құт, яғни денсаулық әкелетін таза су деп есептеген. Сондай-ақ, өткел бермес өзенге көпір салудың адам үшін жасалған орасан зор пайдасына сай үлкен сауапты іс аналатыны тәрізді. шөл мекиен далада жолаушылар жүретін, көш, керуен өтетін тұстан құдық қазу ислам дінінде ең сауабы мол іске саналаған.

Құдықтан су ішкен қазғанға рақымет айтады,
Ағашты көлеңкелеген еккенге рақымет айтады.
Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді.
Су ішкенде құдық қазушыны ұмытпа.
Дарияның жанынан құдық қазба.
Күнде ертеңнің құдығы ашылмайды.
Құмнан құдық қазсаң шегенде,
Қозым жатсын десең көгенде.
Құл құтырса құдыққа қармақ салады.
Құдықтың сыртындағылардың бәрі ақылды.
Мың жасықтан бір асыл артық.
Мың құдықтан бір бұлақ артық.
Оттың қасына от жақпа, елді бұзады,
Құдық қасына құдық қазба, жерді бұзады.
Ақсақ қой ауыл қасында, иә құдық басында.
Бақытсыз құдыққа түссе, құм жауады.
Боталаған түйеден бұлақ суы артылмас.
Құлындаған биенен құдық суы артылмас.

Түйін. Ілкі дәуірлерден жер-су атауларын беруде қазақы орта сол объектінің орналасқан жерінің ерекшелігін, және оған қатысты болған оқиғаларға байланыстыра отырып атайтын болғанын байқауға болады. Ал, құдық атаулары жоғарыда аталған мәселелерден басқа көптеген ахуалдарға сай аталып, белгіленетінін көруге болады. Олардың қатарында технологиялық ерекшелігі, болмыс сипатының айрықшалығы, иесінің аты, наным-сенімдік қыры тәрізді толып жатқан белгілерімен аталып, оқшауланады.

Әдебиеттер:

1. <http://ertegy.kz/kk/ertegyler>
2. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 1-том. Есен-қазақ. –Алматы: «Арыс», 2008.
3. Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі. Монография. –Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2018, -250 б.
4. Қызылорда облысының жер-су атаулары. Қызылорда, 2011 жыл, – 192 бет.

5. Бияров Б. Жер – су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 бет
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: “Фолиант”, 2011. 80-том. Топонимдік аңыздар. – 2011. – 336-бет.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК “СЛОН”, 2012. – (иллюстрацияланған), **3-том:** К – Қ – 736 бет.



Құдық басында. Суретші Н.Н. Карзин. 1903 ж.

МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ/CONTENS

Ноғайбаева М.С. Ғалым-ұстаз жеткен биіктік.....	3
Төлеубаев Ә.Т. Бибизия Кенжебекқызы жөніндегі ұстаз сыры	4
Елеуов М.Е. Ғылымдағы еңбекқорлық.....	6
Таймагамбетов Ж.К. Слово о коллеге, ученом, докторе исторических наук, профессоре Казну им.аль-Фараби Калшабаевой Бибизие Кенжебековне	7
Садырова М.С. Мерей той қарсаңында!.....	9
Ескекбаев Д.Б. Білім қуған, қызығы мол студенттік шақтар-ай!	9
Сармурзина Н.Н. Достық – бұл өмірде өлшемі жоқ биіктік.....	16
Балтабаева К.Н. Вклад профессора Б.К. Калшабаевой в изучение истории и этнографии казахов зарубежья.....	17
Омаров Ғ.Қ. Бибизия, Бибазия, Бибка, Бибөк, Бибизия Кенжебекқызы	22
Байгунаков Д.С. Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева: өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметі (60 жылдық мерейтойына орай).....	25
Бейсеғұлова А.Б. Б.К. Қалшабаеваның қазақ диаспорасының зерттелуіне қосқан үлесі	27

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ/ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Нұрсан Әлімбай Традиционные казахские ковры и ковровые изделия: виды, композиция, семантика (на материалах Центрального государственного музея Республики Казахстан)	31
Төлеубаев А.Т., Жұматаев Р.С., Бесетаев Б.Б. Внекурсовые материалы из могильника Елеке сазы 2 в Тарбағатае.....	44
Таймагамбетов Ж., Йовица Р., Кузбертсон П., Варис А., Коко Э., Намен А. Открытие Казахстано- Германской археологической экспедицией новых пещер и гротов Казахстана в 2017-2019 гг.....	52
Ажигали С.Е. Этапы развития нашей науки: этнологический департамент за 20 лет.....	58
Артыкбаев Ж.О. Кязиз – уникальный памятник прошлого Казахстана (история и этнография агломерации г.Туркестана).....	68
Тоқтабай А.У. Алыстағы асылдар (Науаи, Бұқара, Ташкент уәлаяттарындағы қазақтың киелі жерлерін зерттеу экспедиция материалдары).....	74

ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ / АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

Шәлекенов У.Х. «Көшпенділік» тұжырымымен қоштасуымыз керек	81
Кидирниязов Д.С., Лиджиева И.В. Торгово-экономические отношения ногайцев с народами Северного Кавказа, Крыма и России в первой половине XIX в	84
Аскер Н. Эпос «Кероглу» в Азербайджанском и Туркменском вариантах.....	90
Мұқаметханұлы Н. Қазақтың неке мәдениеті жөнінде.....	93
Каратаев О. О происхождении титула “Катун” (Katun)	96
Калшабаева Б.К., Садырова М.С. Отандастарымыздың (репатрианттардың) тарихи Отанға бейімделу мәселелері мен көші қоны (Алматы облысы материалдары негізінде)	102
Каратаев О. О титуле “Кунчуйум” (Kunçuyum) About the title “Kunçuyum”.....	108
Жаныбекова К. Р. Монғолдордоғу бөрү культу.....	112
Молдожунусов К. 1825-ж. Кыргыздардын Цинь аскерлері менен салғылашуусу.....	117

Ескекбаев Д. Этнология және диаспорология ғылым саласындағы түйткілді ой жөнінде ұстазым, т.ғ.д., профессор Ә.Т. Төлеубаевқа ашық хат!.....	120
Қалыш А.Б., Тәлім А.Т. Қазақстандағы қарақалпақтардың этномәдени орталықтары -----	124
Ескекбаев Д. Қамшы – киелі де қастерлі қазына.....	128
Кәрібаев Б. Б. Т.И. Сұлтановтың ортағасырлық Қазақстан тарихының этносыяси мәселелерін зерттеуде қосқан үлесі.....	134
Şahbazov T.S. Azərbaycanlıların inanç sisteminde hizir (a) imgesi ve türk dünyasındaki karşılığı -----	138
Hüseynqizi (Əmirli) E. Azərbaycan əfsanələrində etiologiyanın kəmiyyəti və motivləşməsi məsələsi -----	144
Babayeva E. Ə.Ə. Talunun romanlarında müasirlik problemi (“Əsrilər”, “Qundaqçı” və “Sabir əfəndinin gəlini” romanları kontekstində).....	147
Qumru Şəhriyar “Noqayın qırx batırı” və ya “Kırımın qırx batırı” silsilə dastanları (“Edigey” dastanının daxil olduğu silsilə).....	149
Memmedli M., Akgüller H. SSCB dış politikası (Türkkaynaklarına göre) -----	154
Хабижанова Г.Б., Айтбаева А.Р. Из раннесредневековой истории этнических контактов тюркских племен.....	161
Umaraliev E.S. Cult Umai Ene – Umai Khatun.....	164
Исмаилова А.М. Ислам и женщина (на примере Республики Дагестан) -----	167
Карибаев Б., Совет А. Исследование этнонима «Казах»-----	173
Дүкенбаева З.О. Макишева А.Ж. Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтың ұлттық таным тарихы -----	176
Тұрғынбаев Е.М. «Лувсан Данзанның «Алтан Тобчи» еңбегінің қазақ ру-тайпаларының этникалық тарихын зерттеудегі деректік маңызы».....	182
Далгатов А.Г., Исмаилова А.М. Политика Турецкого правительства по отношению к религии в 20-30 гг. XX в.	186
Мурзакматов А. К. Мусульманский этикет как средство формирования религиозной идентичности: на материале сочинения «Адаб-Уль-Салихын» (учтивость праведных)-----	191
Қатран Д., Көпешов Қ. Құдық – Құт: құдық ұғымы мен атауларына байланысты топонимикалық баян.....	194
Қозғамбаева Г.Б. Қауымдастық және қазақ диаспорасы -----	200
Қартаева Т.Е. Уақытша қолданылған таяз құдықтар -----	207
Сұраған Рахметұлы ЖА ЛАМА: аңыз бен ақиқат -----	213
Шалғынбаева С.Х. Славян халқының зергерлік әшекейлерінің семантикалық мәні -----	220
Байғабатова Н.К. Жастардың қазақстандық бірегейлігін қалыптастырудағы кейбір мәселелер-----	223
Ерімбетова Қ. Заманауи көші-қон: эмиграциялық және иммиграциялық үрдістер -----	226
Ильясова К.М. Түркия қазақтары: Сыдыхан Ұлучайдың (Siddikhan Ulucay) күнделікті өмір тарихы 231	
Қырықбаева Э.О. XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы Семей қаласының тарихынан -----	234
Майитханова И.Р. Влияние арабской культурной традиции на средневековую культуру Запада-----	238
Ибадуллаева З.Ө. Этнографиялық деректердегі кожалардың этномәдени ерекшеліктері -----	242
Абдулина А.Т. Казахская диаспора в Узбекистане: социокультурные аспекты -----	244
Баудиярова Қ.Б. Адам өміріндегі отбасының алатын орны-----	247
Ғанибаева Ж.А. XIX ғас.аяғы.-XXғас. бас. кіші жүз қазақтарының шаруашылық ахуалы (Қазалы уезі материалдары негізінде).....	249
Рахимов Е.К. Этнографиялық фотосуретке түсіру тарихынан-----	252

Султаниярова А.Ж. Оңтүстік Қазақстан аймағы тұрғындарының демографиялық көрсеткіштері (1999-2014 жж. мәліметтері негізінде)	25
6	
Иманбекова А.А. К вопросу седентаризации казахов-кочевников в советской историографии начала XX – 40 гг. XX вв.	26
2	
Мулдахметова Ж. И. Некоторые сведения о Ч.Ч.Валиханове	265
Джолдыбаев Ж.Т., Косанбаев С.К. Описание традиционного уклада жизни, быта и культуры Монголов Золотой орды	26
8	
Нурмагамбетова Л.И., Ярочкина Е.В. Идеиная консолидация Казахстанского общества как инструмент развития Казахстанского общества	2
71	
Ноянов Е.Н., Қалмұратова Л.Б. XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы алматы қаласы ғимаратарының салынуында ұлттық сәулет өнері нышандарының көрініс табуы	274
Жұмаділ А.Қ., Жұмаділ М.Т. Тарихқа сабырлықпен қарау қажет	2
78	
Нурмагамбетова Л.И., Ярочкина Е.В. Казахстанский опыт интеграционного потенциала и межкультурного диалога	282
Жузгаева Б.Н. Экологический туризм в Казахстане и механизм его государственной поддержки	2
87	
Батырбекқызы Г. Нәзір Төрекұлов – баспа директоры	2
91	
Мажикқызы Н. Қытай қазақтарының қолөнеріндегі кесте және тігін өнері	2
96	
Аманбекова Н.Д. 1933-1934 жылдардағы Алтайполиметалл Риддер комбинаты жұмысшыларының этникалық құрамы	300
Жанғалиев У.Қ. XIX ғасырдағы Қазақ қоғамы құрылымындағы өзгерістермен этносаралық қатынастардың сипаты	30
3	
Джакипова Т. Шығыс аймаққа депортацияланған халықтар тарихы	306
Шаланов Е. С. Оңтүстік өңіріне депортацияланған халықтар тарихынан (XX ғ. 30 – 40 жж.)	308
Сейлбекова А. Н. Халық медицинасындағы оташылық пен сынықшылық	312
Ишкалова Г.И. Аңшылықтың даму тарихынан	31
6	